

Д.А. Алкебаева



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: [alkebaeva@mail.ru](mailto:alkebaeva@mail.ru)

## КАУЗАЛДЫҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСТЕРІ

Мақалада тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі саналатын функционалды грамматиканың каузалдық категориясы туралы баяндалады. Функционалды грамматиканың каузалдық ұғымының жалпы тіл білімінде және қазақ тіл білімінде зерттелуі сөйлеу әрекетінің негізінде қалыптасып, әлем тілдерінде кеңінен зерттеліп жатыр.

Қазіргі функционалды грамматикада каузалдық ұғымының табиғатын түсіндіруде жеке дара тұйықталған шеңбер аясында емес, басқа тіл деңгейлері элементтерімен өзара байланыста болатын кешенді тұтастық ретінде интеграциялық тұрғыдан қарастыруға ерекше мән беріліп отыр. Мұндай зерттеулер тілдік құбылыстың табиғатын және мағыналық қырларын толық әрі терең түсінуге жол ашады. Сондықтан каузалдық ұғымдардың қызметін функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан қарастыра отырып, барлық тілдік құралдардың парадигмасы мен синтагмалық қатынасын көрсету және олардың семантикалық құрылымын ашу арқылы аталған категорияның табиғатын толық тануға болады.

Бұл орайда каузалдық категориясына жататын тілдік деңгейлерді грамматикалық тұрғыдан ғана қарастыруға болмайды, тілдің басқа деңгейлері арқылы да көрініс таба алатын категориялардың санатынан орын алады. Демек, себеп – салдар ұғымдары семантикалық категория болып танылады да, оның тұрпат межесін құрайтын тілдік бірліктер парадигмасы нақты жүйеленеді.

Сонымен қатар функционалды грамматиканың каузалдық ұғымының коммуникация барысында туындаған межесі дискурс пен мәтіндерді анализдеуде жиі ұшырасатын бай ұғым болып саналады.

Каузалдық базалық категориясы сөйлеу әрекетінде функционалдық – семантикалық өрісте оның тілдік амалдарының семантикасы өте бай және қазақ тілінде оның бай тілдік амалдар арқылы жасалынатынына көз жеткізілді.

**Түйін сөздер:** функционалды грамматика; функция; каузалдық; сөйлеу әрекеті; функционалды –семантикалық өріс; категориялық жағдаят.

D.A. Alkebaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: [alkebaeva@mail.ru](mailto:alkebaeva@mail.ru)

### Functional-semantic fields of the causality category

The article describes the categories of functional grammar, which is considered one of the new trends in linguistics. The category of causality is a universal concept with very extensive semantics, the meaning of which is revealed in the functional semantic field by means of various linguistic units.

In modern functional grammar, in revealing the nature of the concept of causality, special importance is attached to the integration consideration as a complex integrity, interconnected with elements of other language levels. Such studies open the way to a more complete and deep understanding of the nature and semantic aspects of the linguistic phenomenon. Therefore, considering the activity of causal concepts from the point of view of the theory of the functional-semantic field, it is possible to fully reveal the nature of the specified category, indicating the paradigm and syntagmatic relationship of all linguistic means and revealing their semantic structure.

At the same time, language levels related to the causal category should be considered not only from a grammatical position, but also in relation to other categories that can be expressed through other levels of language. Consequently, the concept of causality is recognized as a semantic category and the paradigms of language units forming its type are clearly systematized.

The causal basic category in the functional-semantic field of speech activity and the semantics of its linguistic conventions is very extensive, and in the Kazakh language it is created by various linguistic conventions.

**Key words:** functional grammar; function; causality; speech activity; functional-semantic field; categorical situation.

Д.А. Алкебаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: alkebaeva@mail.ru

### Функциональная-семантические поля категории каузальности

В статье описываются категории функциональной грамматики, которая считается одним из новых направлений в лингвистике. Категория каузальности представляет собой универсальное понятие с очень обширной семантикой, смысл которой в функциональном семантическом поле раскрывается посредством различных языковых единиц.

В современной функциональной грамматике в раскрытии природы понятия каузальности особое значение придается интеграционному рассмотрению как комплексной целостности, взаимосвязанной с элементами других языковых уровней. Такие исследования открывают путь к более полному и глубокому пониманию природы и смысловых аспектов языкового явления. Поэтому, рассматривая деятельность каузальных понятий с точки зрения теории функционально-семантического поля, можно в полной мере раскрыть природу указанной категории, указав парадигму и синтагмическое соотношение всех языковых средств и раскрывая их семантическую структуру.

При этом языковые уровни, относящиеся к каузальной категории, следует рассматривать не только с грамматической позиции, но и относительно других категорий, которые могут выражаться посредством других уровней языка. Следовательно, понятия причинно-следственной связи признаются семантической категорией и четко систематизируются парадигмы языковых единиц, образующих ее тип.

Каузальная базовая категория в функционально-семантическом поле речевой деятельности и семантика ее языковых приемов очень обширна и в казахском языке она создается различными языковыми приемами.

**Ключевые слова:** функциональная грамматика; функция; каузальность; речевая деятельность; функционально – семантическое поле; категориальная ситуация.

### Кіріспе

Қазақ тіл ғылымында құрылымдық грамматикада көп зерттелінді. Функционалды грамматиканың зерттеу нысаны болатын оның ұғымдары мен категориялары туралы біраз еңбектер жазылды. Алайда кейбір ұғымдарының қатарына атап айтқанда, каузалдық ұғымын жатқызуға болады, осы ұғым қызметтік грамматика тұрғысынан толық ғылыми айналымға түспеді. Функционалды грамматиканың ғылыми теориясы функционалды-семантикалық өріс пен категориялық жағдаят деп аталатын екі негізгі концепцияға сүйенеді. Тіл білімі өзінің дамуының барлық кезеңінде тілдің маңызды белгілерін, сипаттарын, қасиеттерін ашуға ықпал етуі тиіс белгілі бір теорияны қалыптастырады. Тіл білімі тілдің мақсаты мен ішкі заңдылықтарын анықтау және сипаттау міндетін алға қойды. Осыған байланысты тіл мен сөйлеу-ойлаудың арақатынасы мәселесі адам сөйлегенде қандай мағына мен мәнді айтқысы келеді деген сұрақ тіл ғылымының өзекті мәселесіне айналады. Бұл тілдің ойлаудың материалдық көрінісі, қарым-

қатынас және таным құралы ретіндегі көп функционалдылығымен түсіндіріледі. Тіл білімі «тек тілді ғана емес, тілде бейнеленетін ойлау аспектілерін – тіл арқылы, тілдік мағыналар арқылы зерттейтін ғылым» болып, күннен-күнге «ойлаудың негізгі ғылымдарының біріне айналады». Қаузалдық ұғымының негізі – адам танымы, болмыстың ақиқатын табу үшін оның сан түрлі себептері мен салдарын оған қол жеткізетін шарттары мен қажеттіліктерін табу үшін түрлі мағыналық аспектіде қарастырылады.

Қазір қазақ тіл білімінде каузалдық категориясы жайында құрылымдық грамматикада көбінесе синтаксис саласымен байланыста пысықтауыштық қатынастар деген түсінікке негізделіп жазылып жүр. Ал, философияда себеп мен салдар мәселесі Аристотель мен Аль Фараби еңбектерінде де жан-жақты қарастырылуы осы саланың танымдық мәні өте өзекті екенін айқындайды. Психология ғылымында да каузалдық атрибуция – деген ғылыми мәні бар сала бар. Қаузалдық атрибуция – өзге адамның сөздерін немесе әрекеттерін өз тәжірибесі мен қабылдау призмасы арқылы түсіндіруі. Бұл

басқа адамның шынайы уәждемесін білуге мүмкін емес жағдаятымен байланысты болып келеді. Олай болса, лингвистикада анықталатын ереже бойынша каузалдық болмыстың ақиқатын табу үшін түрлі тілдік бірліктер арқылы семантикасында сол болмыстың себебін іздейді. Каузалдық категориясының семантикалық аспектісін ашатын тілдік амалдар қазақ тілінде көп қолданылады. Әр түрлі тілдік амалдар бірігіп функционалды – семантикалық өрістің орталық және шеткері аймақтарында болмыстың ақиқатын ашудың себеп пен салдарының мазмұнын, мәнін ашады.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Каузалдық категориясының негізгі бастауы философиядан алынады. Жалпы тіл ғылымындағы функционалды грамматиканың ұғымдары мен категорияларын философия ғылымының ғылыми концепцияларының негізінде зерттеу нысанына ілікті, сондықтан осы категориялардың мағынасы мен мәні философиялық зерттеу әдіс – тәсілдері арқылы да айқындалады (Философическая энциклопедия, 1990).

Золотова. Г. А орыс тілінің синтаксисінің функционалдығына арналған ғылыми зерттеуінде синтаксистің функционалдығы туралы жаза отырып, синтаксистік құрылымдардың мазмұндық, мағыналық мәніне талдау жасауға бетбұрыс жасаған болатын (Золотова, 1990). Каузалдық категориясының мағынасы мен мәнін ашу фиософия және лингвистика ғылымының тоғысында қарастырылады. Олай болса, каузалдық категориясы философия мен лингвистика ғылымдарының зерттеу әдіс – тәсілдерінің негізіне сүйенеді. Қазіргі осы саланы зеттеушілер бұрынғы зерттеу әдістерінен бөлек тұлғадан – мазмұнға қарай емес, мазмұннан тұлғаға қарай зерттеу әдістерін басшылыққа алады. А.В. Бондарко каузалдық категориясын функционалды өрісте зерттеу (бұдан ары – ФСӨ деп қысқартылып алынады) әдістерінің екі бағытын көрсетеді (Бондарко, 2009: 61-62). Біріншісі каузалдық ФСӨ-те тілдік амалдар грамматикалық категориялар арқылы талдау моноорталық өріс арқылы талданады; екіншісі (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, лексико-грамматикалық) полиорталық өрісі арқылы талдау әдістерін басшылыққа алады. А.В. Бондарко каузалдық ұғымын ФСӨ-те полиорталық өрісі арқылы зерттеу әдіс – тәсілдерін басшылыққа алу керектігін айтады (Бондарко, 2009).

Полиорталық өріс дегеніміз-тілді «мазмұннан формаға қарай» зерттеу ұстанымдарына бағытталады. Қызметтік грамматиканың ұғымдарын анықтауда зерттеушілердің арасында талас тудыратын қайшылықты көзқарастар бар, сондықтан зерттеу әдістері туралы әлі де тереңірек қарастыруды қажет ететін бірқатар мәселелер бар. Баклагова Ю. В өз зерттеулерінде осыған айырықша мән береді (Баклагова, 2012).

Е.Ф. Пугачева жалпы каузалдықтың даму эволюциясының күрделі екендігін айта келіп, категориялық ситуацияда осы ұғымның семантикасын ашатын тілдік амалдардың қатарларының түрленіп отыратынына ерекше назар аударған болатын (Пугачева, 1996). М. Рев өзінің зерттеулерінде орыс және сингаль тіліндегі каузалдық ұғымына жататын тілдік амалдардың қолданыстарын салыстыру арқылы осы ұғымның зерттеу әдістерін көбінесе грамматикалық категорияларды моноорталық өріс арқылы талдауды негізге алады (Рев, 2006).

Э. П. Казакова сияқты ғалымдар тілдік амалдардың синонимдік қатарлардың шартталған мағыналарының себеп пен салдарға қатысты қызметін көрсетеді, орыс және чуваш тілдеріндегі каузалдық ұғымының семантикасын білдіретін тілдік амалдарды салыстыра зерттеу арқылы талдау жасайды (Казакова, 2007).

Жұмыстың теориялық және әдіснамалық бастаулары себеп-салдарлық қатынастар мәселесінің философиялық және лингвистикалық зерттеулері болды.

«Тіл философия» атты еңбекте тілдік амалдардың қолданысының мағыналық сипатына философиялық мән бере отырып талдайды (Философия языка, 2004). Г. Х фон Вригт зерттеулерінде каузалдықтың бастауы логикалық-философиялық негіз болып саналатындығына тоқталады (Вригт, 2004.). В. Краевский философиялық таным тұрғысынан детерминизм принципі арқылы талданатындығын оның қазіргі түсінігі себеп-салдарлық байланыстар туралы идеялардың ұзақ тарихи дамуы нәтижесінде қалыптасқан деген пікірді айтады (Краевский, 2005 В). С.С. Худяков тілде себептіліктің философиялық мазмұны анық көрінетіндігін атап көрсетеді (Худяков, 1985).

Әсіресе, қазіргі каузалдық ұғымын функционалды-семантикалық категорияға жататындығын тереңірек қарастыруды қажет ететін бірқатар мәселелер бар. Функционалды грамматиканың барлық ұғымдарының теориялық негізі болып саналатын функционалды-

емантикалық өріс және категориялық ситуацияның ғылыми маңызын жүйелеу осы саланың әдіс – тәсілдерінің арта түсетініне ықпал етеді.

Атап айтқанда, қазіргі қаузалдық ұғымын жазбаша мәтіндер мен ауызша сөйлеу коммуникациясында талдау денотативті-семантикалық қасиеттері, философиялық мәні мен коммуникативті-прагматикалық әлеуеті қазақ тіл білімінде арнайы зерттелінген жоқ. Сондықтан ФСӨ-те қаузалдық ұғымын біріншіден философияның таным теориясы арқылы зерттеуді қажет етеді, екіншіден әр түрлі тілдік бірліктердің функционалды-прагматикалық және когнитивті-семантикалық табиғатын ашып беру лингвистикалық талдау әдістері арқылы жүзеге асады.

### Әдебиеттерге шолу

Функционалды грамматика (жалпы – функционалды лингвистика) тіл ғылымының жетекші салаларының біріне айналды. Жалпы тіл ғылымында қызметтік грамматиканың ғылыми түсініктері мен әдістемелік мәселелері төңірегінде ғылыми және оқу әдебиеттері кең ауқымды түрде ғылыми айналымға және оқу үдерісіне еніп жатыр.

Қазақ тіліндегі функционалды грамматика туралы қазақ ғалымдарының ішінде Е. Жанпейісов осы саланы «қызметтік грамматика» атап ғылыми бағыт ретінде ұсынған болатын (Zhanpeisov, 2003:12). Жалпы қазақ ғалымдары тілді зерттеуді дәстүрлі грамматика аясынан шығып қызметтік грамматикаға ауысу процесінің қажеттілігін де мойындаған болатын. Функционалды грамматиканың ғылыми айналымға енуі семантика теориясына тікелей байланысты. Атап айтқанда, қазақ тілінде М. Оразовтың қазақ тілінің семантикасы туралы жазылған еңбектері басты назарға алынуы керек (Orazov, 1991). Сонымен қатар отандық тіл білімі саласы бойынша М. М. Төлеуптің себеп – салдар категориясын дәстүрлі грамматикаға негіздеп зерттеген тілдік зерттеу еңбектері бар (Toleup, 2002).

Қазақ тілінде функционалды грамматиканың ғылыми-теориялық концепциялары мен ұғымдары туралы ғылыми еңбектер жазылуда. (Қазақ тілінің функционалды грамматикасы, 2010:720), (Қазақ тілінің функционалды грамматикасы, 2011. – 808), (Қазақ тілінің функционалды грамматикасының өзекті мәселелері: 2013. – 137). Осы саланың басқа да ұғымдары туралы жеке ғалымдардың еңбектері көптеп саналады.

Аспектуалдық категориясын М.Жолшаева зерттеулерінде қарастырылды (Zholshaeva, 2003). Ал сын-сапа категориялары Қ. Рысалды зерттеулерінде көрініс тапты (Rysaldy, 2009). Қаузалдық категориясын жасайтын тілдік бірліктер функционалды-семантикалық өріс ұғымымен тікелей байланысты, осы ұғымның мағынасын беретін тілдік амалдар топтамасының жиынтығы функционалды-семантикалық өріс болып саналады.

ФСӨ-тің анықтамасын былайша тұжырымдауға болады: лингвистиканың кез келген саласына жататын түрлі тілдік амалдар жиынтығы, яғни лексика-интонациялық, лексика-грамматикалық, синтаксистік құрылымдар топтасып функционалды –семантикалық өрісте бір ұғымның семантикасын ашады.

Функционалды грамматикада ең бірінші мағыналық категория басшылыққа алынады. Себебі тіл білімінің барлық саласында дәстүрлі грамматика бойынша жеке тілдік бірліктердің мәндері немесе мазмұны, семантикасы ертеден – ақ тілші ғалымдардың назарын аударып отырған, бірақ олар сөздің семантикасын функционалды грамматикадағы сөз мағыналарының дәрежесіне жеткізе алмады. Семантика саласы тіл ғылымында ғана қарастырылған жоқ, сонымен қатар логика, психология, семиотика сияқты ғылым салалары өздерінің концепциялары мен қағидаттарына байланысты қарастырған болатын. Осындай түрлі ғылыми болжамдар мен зерттеу бағыттарының негізінде тіл ғылымында, соның ішінде функционалды грамматика бағыты бойынша функционалды – семантикалық өріс (ФСӨ теориясы) теориясы пайда болды.

Қазақ тілінде қаузалдық ұғымының семантикасын білдіретін ФСӨ-тегі тілдік амалдар тобы молынан ұшырасады. Олар жеке тілдік құрылымдар, сөз тіркесі, фразеологизмдер, грамматикалық, синтаксистік құрылымдар, бүтіндей мәтін түрлері де болады. Қаузалдық ұғымын барлық тіл деңгейінің бірліктері бірігіп функционалды-семантикалық өрістің орталық өзегі мен шеткері аймақтарында осы саланың семантикасын ың қызметі толық ашылады. Мысалы, аңшылықты ол барлық кәсібінен артық қоятын, себебі бала күннен бері әкесімен аңшы болуға әбден дағдыланып алған еді (С. Мұратбеков «Жабайы алма»). Ол әдетте анасының орамалын басына қойып жатады. Анасының орамалынан жусан мен дала иісі сезіледі (С. Мұратбеков «Жусан иісі»). Осы берілген мысалдарда бірінші сөйлемде

каузалдықтың семантикасы себебі деген жеке сөз арқылы берілген. Екінші сөйлемде каузалдық мағынасы екі жай сөйлемнің қатарласып келуі арқылы айқындалады. Анасының орамалын басына қойып жатуының себебін екінші жай сөйлем анықтап тұр. Екінші сөйлемдегі «орамалдан жусан мен дала иісі шығады» деген тілдік амалдар топтамасы себептіліктің семантикасын білдіреді.

Каузалдық ұғымын сөйлеу жағдаяттарында құрмалас сөйлемдермен мақсат, шарт, қарсылықты категорияларымен және жай сөйлемдерден де семантикалық өрісте тығыз қарымқатынаста қарастыруға болады. Сонда ғана олардың арасындағы семантикалық байланыста өріс теориясы негізінде кешенді тұтастыққа ұласқан, олардың арасындағы ықпалдастық мәні айқындалады.

Жалпы адамзат баласы өзінің өмір сүру шарттарының барлық эволюциясында болмыстың себеп пен салдары туралы көп толғанып, соның мәні мен мағынасын ашуға мән берген, олай болса себеп пен салдар мәселесі дүниені яғни болмыстың барлық сырын танып білу жағдаятында қалыптасты. Себеп пен салдар барлық уақытта адам ойының айналадағы болмыстың басты заңдылығын түсіну үшін, себебін білу үшін, себеп белгілі салдардың пайда болуын көрсетіп сол арқылы ақиқатты тануға ұмтылады. Сондықтан айналадағы құбылыстардың, процестердің жасалу себептерін танып біле отырып, адам белгілі дәрежеде оларға ықпал жасуға, басқаша қайта қарастыруға, пайдалануға, өндіруге, сол себептің түп негізін табуға т.б. процестерге мүмкіндік алады.

Каузалдық категориясын функционалды-семантикалық өріс теориясын басшылыққа алып зерттегенде, «формадан мазмұнға» қарай емес, «мағынадан формаға» қарай сөздің семантикасын ашу оның басты ғылыми қағидасы болып бекітіледі.

Бұл орайда сөйлеу актісінде оқиғаның себеп-салдарын, мақсаты мен шарттылығын айқындап отыратын танымдық құбылыстарды көрсететін түрлі тіл деңгейі бірліктерінің топтамасы нысанаға алынып, функционалды грамматиканың ұғымдық, танымдық мәні мазмұны ашылады. Каузалдық ұғымының семантикасын білдіретін түрлі деңгейдегі тілдік бірліктер бір-бірімен тіркесіп, айтушы сөзінің мағыналық-мазмұны себеппен оның басқа шарттарын анықтайды, кейбіреулері қажеттілік пен қарсылықтар арқылы түрлі оқиалардың

себепін тануға, түсінуге мүмкіндік тудырады. Жалпы алғанда себеп пен салдар – бір-біріне тәуелді әрі байланысты ұғымдар екен. Басқа бір құбылысты өмірге келтіретін құбылыс оның себебі болып табылады. Себеп әрекетінің нәтижесі салдар болады. Мысалы, «Неге табиғат өзгеріп жатыр, оның себептерін қалай анықтауға болады екен...» (С. Мұратбеков «Жусан иісі»).

### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Каузалдық ұғымы – барлық тілге тән әмбебап категориялардың бірі. Айналада болып жатқан іс-әрекет себептері мен салдары сөйленімнің осы ұғымның жұмсалымдық-мағыналық өрісінде көрініс табады.

Функционалды-семантикалық өріс орталық және кіші өрістерге бөлінеді. Оларды былайша жіктеуге болады: а) орталық өріс, б) шеткері аймақтағы өріс, в) ең кіші өріс аймақтары. Функционалды-семантикалық өрістің орталық өзегінде каузалдықтың семантикасы анық, ашық тілдік құрылымдар топтамасы арқылы көрініс табады. Мысалы, ол қазір тәуіпке бармайтын болды, себебі оған сенуден қалды деген сөйлемде каузалдықтың семантикасы екінші сөйлемнің мазмұнында анық та айқын көрініп тұр. Каузалдықтың орталық өзегін жасайтын тілдік амалдар көбінесе синтаксистік құрылымдардан жасалынады. Ал перифериялық аймақтағы өрістерде каузалдық категориясын беретін тілдік бірліктер семантикасы орталық өрістегі тілдік амалдарға қарағанда мағынасы солғын, күңгірт, көмескі болады. Мысалы, сен менің айтқанымды қалай болғанда да орындайсың ғой деген сөйлемде каузалдықтың мағынасы жасырын тұр, айтушы оның себебін өздеріне ортақ жағдаятпен байланыстырып айтуы мүмкін. Каузалдық ұғымын беретін тілдік амалдар арнайы сөздер топтамасынан да жасала береді. Осы ұғымды білдіретін сөздердің қатысуы каузалдық ұғымын толық анық ашып көрсетеді. Көре алмауының себебі – қызғаныш деген сөйлемде каузалдық ұғымының мағынасы анық болса, немесе ол себебін айтып ақталған болды деген сөйлемде каузалдық ұғымын беретін тілдік амалдардың семантикасы солғын екені байқалады. Олай болса, орталық өзектен алыстаған каузалдық семантикасының өзгеріске ұшырап мағынасы анық айқын бола алмайтындығына көз жеткізуге болады. Ең кіші өріс аймақтарындағы тілдік амалдардың мағынасы алдыңғы екі өріске қарағанда мүлде

солғын, мағынасы күңгірт болуы мүмкін. Мысалы, – Ух, шіркін, ақ боз атым болса ғой, алыс таулар мен көкорай белдерге барып тұрушы едім, – деп айтушы еді Зердебай. – Сөйтіп дүниенің бар – қиырын аралар едім-ау, – деп Аян бала арманын айтқанда үні күңгірлеп әдемі шығушы еді. – Көк семсерді жарқ -жұрқ еткізіп келе жатқанымда, алдымнан көкем шыға келсе... Ой, керемет болар еді-ау, ә? ( С. Мұратбеков «Жусан иісі »).

Каузалдық ұғымын сөйлеу жағдаяттарында құрмалас сөйлемдермен мақсат, шарт, қарсылықты категорияларымен және жай сөйлемдерден де семантикалық өрісте тығыз қарымқатынаста қарастыруға болады. Қазақ тіл ғылымында құрмалас сөйлемдердің ішінде шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдермен, шартты рай формасының қаттысуымен жасалатын сөйлемдердің синтаксистік және функционалды-семантикалық табиғатына қатысты ғылыми еңбектер жазылды. Олардың қатарына шартты рай формасының синтаксистік және коммуникативтік потенциалының сан алуан қызметін көрсететін А. Алтаеваның еңбегін жатқызуға болады. (Altaeva, 2010:47). Құрмалас сөйлемдердің ішінде мақсат, шарт, қарсылықты категорияларымен тілдік бірліктердің мақсатты жұмсалымдық әлеуетін ашу үшін табиғаты ерекше тілдік құбылыс ретінде қарастырылған ғылыми зерттеу еңбектерінің қатарынан орын алатын Г. Бекмаганбетованың зерттеуін атап кету орынды (Bekmaganbetova, 2010:30). Бұл тұста айтылатын мәселе құрмалас сөйлемдердің түрлерінің коммуникативтік, функционалды-семантикалық әлеуетінің ерекшеліктері мен қызметтерін саралау аса маңызды. Сонда ғана каузалдық ұғымы арқылы олардың арасындағы семантикалық байланыста өріс теориясы негізінде кешенді тұтастыққа ұласқан, олардың арасындағы ықпалдастық мәні айқындалады. Функционалды-семантикалық өрістерде каузалдық категориясының мағынасы құрмалас сөйлемдерден басқа да тілдік амалдардың қатысуымен жасалынады.

Адамзат баласы айналысындағы болып жатқан құбылыстардың шындығын табу мен оның түрлі себептерін анықтау үшін сан алуан факторларға сүйеніп, әр түрлі нақты, ықтимал, жанама нәтижелерге қатысты шарттасқан, мақсатты, сондай-ақ қарсылықты тұжырымдар, белсенді байламдар мен пайымдаулар жасайды. Соның нәтижесінде каузалдық ұғымы пайда болады. Мысалы, Көп уақыт өткен сияқты

болды. Бірақ мағынасыз өткізген сағаттарға Хакім өкінген жоқ (Х. Есенжанов. «Ақ Жайық»). Шолпан мен сені көруге құмармын, неге екенін білмеймін, сені көруге құмар боламын да тұрамын (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»). Есті Ақан мынау алакөздіктен құтылды. Бәленің басы Петербордағы «патша ағзамнан» екенін сезді. Өзі өмірді анық жете біліп, өзгелерге жөн сілтеп, қараңғыны жарық, бұлдырды ашық көрсете алмаған ақын – ақын емес. Сондықтан ақын жалғыз ғана таптың пайдасын көздеп сойылын соға бермейді, жалпы адам баласының қамына да құлаш ұрып кетеді (Жүсіпбек Аймауытов. «Мағжанның ақындығы туралы»). Ақанның сөздерін мағынасы жағынан тексермес бұрын, біз Ақанның тілінен бастаймыз. Бұған себеп – Ақанның тілінің таза еместігі ( М. Жұмабаев «Ақан сері сөздері»). Губернатор кеңсесіне кірген соң Әубәкірдің қазақ-қырғыз елімен араласып кетуі Хәм өзінің башқұрт баласы болуы себеп болған. Осы себептерден Әубәкір 1883 жылдан бастап қазақ-қырғыз елінің жай – күйін тексеруге кірісіп кеткен, бірақ Гордокевше қазақ- қырғыздардың азат басын ноқтаға кіргізе беру үшін емес, қазақ-қырғыз елін жақсы жақтан таныстыру үшін, қазақ-қырғыз еліне тұмсығымен су таситын қарлығаш болу үшін (М. Жұмабаев «Әубәкір ақсақал Дибәев»). Қарап отырсақ, жоғарыда берілген сөйлемдерден себеп пен салдар оның өзара шарттасуы анық байқалады. Бұл сөйлемдердің әрқайысынан айтылған ойдың себебі мен оған қажетті салдар мен шарттылық мәні айқын көрініп тұр.

Адам баласы болмыстың пайда болу себептерін іздей отырып, себептілікті дүниедегі сан алуан құбылысты тудыруға тікелей қатысты ұғым ретінде қабылдаған, құбылыстың пайда болуына әсер ететін факторларды тану мен оның мәнін ашу аса күрделі кешенді тұтастық құрайды.

Мысалы, Абайдың «естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болу керектігі; екінші — сол нәрсеге гирәтлану керектігі, тұшынып, ынтамен ұғу керектігі; үшінші – ойланып, көңілге бекіту керектігі; төртінші – кеселді ойлардан аулақ болу керектігін» айтады (Абай). Осы сөйлемдерден Абайдың естіген нәрсені есте сақтау туралы айтқаны немесе оның себебін түсіндіріп беріп отырған құбылыстар ұзақ уақыт қалыптасқан шындықтың жаңа мүмкіндіктері екендігін тағы дәлелдеп отыр. Белгілі құбылыстардан тараған себептердің нәтижелері нақты жағдаяттарға

байланысты болады. Ненің қызығын көп іздесең, соның азабын бір тартарсың (Абай). Осы сөйлемде автордың философиялық пікірінің нәтижесі нақты жағдаяттар яғни категориялық ситуацияда дәлелденген. Шарттарға жанама салдардың да әсері болады, сондықтан тиісті фондық мән-жайлар құруға бағытталған өзара іс-қимылды қайтадан бастау себебі нәтиже шығарады.

Каузалдық ұғымның мағынасын қарсылықты мән білдіретін тілдік бірліктер себеп салдардан туындауы мүмкін, немесе онымен өзара іс-қимыл үдерісінде шарттасқан немесе мақсатты себептері әсер етуі мүмкін.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, каузалдық ұғымдық топтарға жататын тілдік деңгейлер орталық өріс себептерінің мәніне тікелей қатысты болып келеді. Сондықтан синтаксистік орталық өзекті құрауда мағынасын беруде жетекші басты роль атқарады. Мысалы, Мектептегі оқудың тоқтау себептері, басқа мұғалім келмегендіктен болатын (С. Мұратбеков «Жусан иісі»). Басқа мұғалім келмегендіктен олардың оқуы тоқтап қалды. Себеп басқа мұғалім келмеуі, ал екінші оның салдары олардың оқуының тоқтап қалуы еді. Семантикалық бірлігі қарым-қатынастар шарттылығы нақты шекаралары болмағандықтан функционалды-семантикалық өрістің орталық және шеткері аймақтарында өзара әрекеттесе отырып, басқа да себеп пен оның мәніне қатысты ұғымдар арқылы корреляциялық түрде көрінеді: осы байланыстарды, қатынастарды бірдей атау негізі қисынды, шартты және мақсатты құрылымы ретінде ұсынылуы мүмкін.

Эксперимент нәтижесінде функционалды грамматиканың ең бір қызықты да күрделі саласы каузалдық ұғымының орталық және шеткері өрісінде осы категорияның семантикасын беретін тілдік амалдардың қатысуы мен оның мағыналық қырларының ашу қызметі талданды. Іс-әрекет себептері мен салдары сөйленімнің осы ұғымның жұмсалымдық-мағыналық өрісінде көрініс табады. Каузалдық ұғымы дегеніміз тілдің жұмсалымдық қызметінде оқиғаның себебін анықтау үшін қолданылатын әр түрлі тілдік амалдардың семантикасы. Сөйлеуде іс-әрекеттің жүзеге асуы-аспау себептері аталып көрсетіледі. Мысалы: Өмірде себепсіз іс болмайды. Сол себептен дйттеген жерлерге жете алмадық. Ол жолды жақсы білгендіктен, адаспауы керек еді.

Каузалдылық мағынасының компонентері неге? не себептен? қандай негізде? неліктен? неге бола? сұрақтарына жауап береді.

Бұл ұғымның себептілік, салдарлық мақсатты, шарттылық мәні реалды немесе реалды емес уәжділікке сүйеніп айтылады. Мысалы, Біз ешқайда бармаймыз, себебі жаңбыр жауып тұр. Ауа райының қолайсыздығына орай сапарға шығу орындалмайтын болып тұр. Бұл сөйлемдерде каузалдық ұғымы түрлі тілдік амалдар қатысумен жасалып, себеп-салдар мәнін анықтауға негізделіп айтылып тұр.

Айтушының сөйлеген сөзінде себеп оқиғаның, жағдайлардың ары қарай дамуына немесе өзара әрекеттесуіне, кейде тоқталып қалуына тікелей ықпал етеді. Мысалы, Даладағы шуылдан ешнәрсе естілмейді. Шумен, абарсабырдың арқасында тез жасырынып үлгірді.

Каузалдық семантикасының орталық және шеткері аймағын әр түрлі тілдік құралдар жасайды. Бұл ұғымның орталық өзегін жасайтындар:

1. Синтаксистік топ атқарады.

2. Жалғаулықты құрмалас сөйлемдер сондықтан, сол себептен өйткені, солай болғандықтан, сосын, соның салдарынан, соның себебінен, соған байланысты, қорытындысы бойынша, өйткені шылауымен қатарласып айтылып сөйлеуші өз сөзінің себебін анықтап салдарына назар аударуды қажет етеді. Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағынын, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? (Абай). Ірі ақ алмалары жерге түсіп төгіліп жатады. Бірақ біз оған жолай алмаймыз. Өйткені, бұралқы қарақаншық соның түбіндегі үңгірді мекендеп алған, жылда күшіктейді де, бізді мүлде маңайлатпайды (С. Мұратбеков «Жабайы алма»).

Құрылымына назар аударғанда каузалдықты бейнелейтін негізгі құралдарға морфологиялық құралдар жатады. Олар біртұтас морфологиялық орталық құрайды. Оларға шартты, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас, іргелес салалас, жалғаулықсыз салалас сөйлемдерді жатқызуға болады. Қарсылық өрістерінің және конструкцияларының семантикасының мынандай сұрақтары бар: қайтсе де? не етсе де? қайткенмен? не еткенмен? қайтпесе? Шешесінің айтқанын тыңдамастан, ол қалаға кетті. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің бір компонентінің баяндауышы болымды, енді бір компонентінің баяндауышы болымсыз тұлғада беріліп, қарама-қайшы мән туғызады. Сондықтан қарсылықты өрістердің мәні реалды немесе реалды емес уәжділікке сүйеніп айтылады.

Каузалдық шеткері аймағының кіші өрістерден басқалары осы басты өрістен әр түрлі қашықтықта орналасады. Шеткері аймақтың өрістерінде әртүрлі тілдік амалдар: атап айтқанда, лексикалық, морфологиялық тәсілдер, үстеу, үстеумен тіркескен сөздер, көсемше, есімше, сұрау есімдіктері қатысады. Мысалы, Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ асырап, болмаса сөз аңдып, кулық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар (Абай). Ол Әбдрахманның сөзін қайталағысы келіп тұрды да, бірақ әкесінің мына күйде жай сөйлесе алмайтынын біліп, бұл ниетінен бас тартты (Х. Есенжанов, 2014-45).

Каузалдық категориясы да функционалды грамматиканың басқа ұғымдарына тән зерттеу сипаттамалары ортақ заңдылықтарға бағынады. «Орталық өзекте» каузалдық ұғымының таза себептері көрінеді. Ал шеткері аймақтары орталықтан алшақтаған сайын каузалдық функциясын атқартын тілдік бірліктердің жиілігі азайып, қарсылық, шарттылық, мақсат, салдарлық мәндер орналасады. Мысалы, Неге ол аузына тас салғандай үндемейді. Ол бірдеңе десе, Шолпан айтар еді. Өзінің не үшін күнә қылғанын, бала үшін күнә қылғанын айтар еді М. Жұмабаев. («Шолпанның күнәсі»). Адамшылықтың алды – махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. Адамшылықтың алды – махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі (Абай). Бұл сөйлемде себептілік мәні адам баласының танымында бұрыннан қалыптасқан дүниетанымның негізгі ұстанымдарын санамалап көрсетуді басты мақсатқа алған. Сондықтан бұл сөйлемде каузалдық ұғымының мағынасы солғын екені байқалады.

Бұл өрісте іс-әрекеттің мақсаты шартты түрде айтылады. Сөйлеуде іс-әрекеттің жүзеге асуы-аспау мақсаттары аталып көрсетіледі. Мақсатқа құрылған констуркциялар не үшін? қандай негізде? неліктен? қандай мақсатпен? сұрақтарына жауап береді.

Мақсат орталық өзегінің өрісіне жататын тілдік бірліктер мақсат сөзінің қатысуы арқылы жасалынады. Мысалы, Мақсатым – тіл ұстартып,

өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ (Абай).

Ортақ семантикалық функция арқылы бірігетін барлық тіл деңгейі бірліктері і бір-бірімен мағыналық жағынан тығыз қарым-қатынаста болу арқылы каузалдықтың семантикасын ашу қызметін атқарады.

Каузалдық өрістерінің жасалу жолдары:

– фразеологиялық тіркестерден, синтаксистік тәсілдер, лексика – грамматикалық әр түрлі морфологиялық тәсілдер арқылы жасалынады.

– лексика-грамматикалық тәсілдер: бұл қатарға септік жалғауларымен келген сөйлемдер жатады, олардың мағыналық ауқымы өте көп, қазақ тілінде молынан ұшырасады.

– морфологиялық тәсілдер арқылы: септік жалғаулары жалғанған сөйлемдер арқылы жасалынады.

Мақсат өрістерінің шеткері аймағы етістік және көсемше формалары арқылы беріледі.

– етістікке -у жұрнағының жалғануымен келетін сөздер: сөйлесуге бола, тапсыру үшін т.б.

- көсемше формалары арқылы: көмекке бола, айта отырып, біле жүрсін деп т.б.

Орталық, шеткері аймақтағы өрістерде каузалдықтың семантикасын лексико-грамматикалық (грамматикалық форма, сөзжасамдық қосымша, лексикалық бірлік) және синтаксистік көрсеткіштер (сөз тіркестері, сөйлем, мәтін) арқылы анықтауға болады.

### Қорытынды

Жалпы дүние жүзінде қызметтік грамматиканың ұғымдарының бірі каузалдыққа қызығушылық танытып, арнайы зерттеу жүргізіп жатқан ғалымдар қатары жыл сайын көбейіп келеді. Қызметтік грамматиканың каузалдық ұғымы – өзіне тән ерекшелігі бар категориялардың бірі. Каузалдықты зерделеудің оның мағынасын білдіретін тілдік құралдардың функциясының ерекшеліктерін анықтау тіл білімінде әзірге өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Тіл табиғаты мен қолданыс әлеуетін толық ашып көрсетудің бір жолы – тілді функционалды грамматика ұстанымдары бойынша зерттеу. Зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, каузалдық ұғымын анықтау үшін тілдік амалдардың семантикалық мән-мағынасына назар аудару басты ұстаным екендігі анықталды. Тілдің семантикалық қырын зерттеу оның табиғаты мен қолданыс



зандылықтарына терең үңілуді қажет етеді. Каузалдықты функционалды-семантикалық өріс арқылы зерттеу түрлі тіл деңгейі элементтері арасындағы жүйелі байланысты көрсетеді.

Функционалды грамматика ұғымдары ФСӨ және категориялық жағдаят теориясын басшылыққа алады. ФСӨ-те жеке лексикалық бірліктер, морфологиялық және синтаксистік құрылымдардың семантикасы болмыстың болу, жаратылу, өзгеру, даму себептерін анықтау мақсатында жұмсалуды каузалдық ұғымының қызметін атқарады. Осы аталған ғылыми дәлелдеме каузалдық ұғымының семантикасын талдауда мәні мен мазмұнын ашуда аса маңызды роль атқарады.

Каузалдық ұғымының мағынасын білдіретін тілдік амалдар ФСӨ-тің орталық және шеткері өрістеріне топтастырылды. Орталықтың өрісте каузалдықтың семантикасы анық, ашық болса, орталық өзектен алыс қашықтықта орналасқан өрістерде бұл ұғымның мағынасы солғын, көмескі болып келеді.

Қазақ тілінде каузалдық ұғымының семантикасын білдіретін тілдік амалдар топтамасына лексикалық, лексика-грамматикалық, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік құрылымдар жататындығы анықталды. Қазіргі қазақ тілінің функционалды грамматикасының каузалдық ұғымын лингво-философиялық тұрғыдан зерттеу осы саланың қиын да қызықты мәселелерін игеруге мүмкіндік туғызады.

Сондықтан каузалдық категориясының ФСӨ-те мағынасын білдіретін тілдік амалдардың ерекшеліктерін жүйелі түрде арнайы зерттеу қажет. Сөйлеу әрекетінің дискурс пен мәтін шеңберінде бұл ұғым қазақ тілінде ең бай ауқымды тілдік амалдардың топтамасын қамтиды. Қазіргі функционалды грамматиканың категорияларының семантикалық табиғатын түсіндіруде тілдік бірліктер саны жағынан емес мағыналық мазмұндық жағынан жүргізілген зерттеу аумағы бұрынғы талдаулардан өзгешеленеді.

#### Әдебиеттер

- Философическая энциклопедия в 5-х-томах М. Под редакцией Ф.В. Константиновой 1960-70. – 206 с.
- Золотова Г.А. Очерки функционального синтаксиса русского языка. М. Наука. 1990. – 160 с.
- Бондарко А. В. Теория значения в системе функциональной грамматики. – М., 2005. – 736 с.
- Баклагова Ю. В. К вопросу о каузальности и каузативности в системе языка / Ю.В. Баклагова // Вестник АГУ. – Вып №10. – Адыгея, 2008. – С. 22-25.
- Пугачева, Е.Ф. Эволюция системы средств выражения каузальных отношений в языке английской научной прозы XVIII– XX вв.: автореф. дис. ... канд. филол. наук / Е.Ф. Пугачева. – М., 1996. – 17 с.
- Рев. Мимуре Гунаанда Тхеро. Способы выражения причинности в русском и сингалском языках: автореф. дис. ... канд. филол. наук / Рев. Мимуре Гунаанда Тхеро. – М., 2006. – 17 с.
- Казакова Э. П. Синонимия в смысловых отношениях обусловленности: на материале русского и чувашского языков: автореф. дис. ... канд. филол. наук / Э.П. Казакова – Чебоксары, 2007. – 20 с.
- Философия языка / ред.-сост. Дж.Р. Сёрл / пер. с англ. – М.: Эдиториал УРСС, 2004. – 720 с.
- Вригт Г. Х Логико-философские исследования: Избранные труды / пер. с англ. – М.: Прогресс, 1986. – 600 с.
- Краевский В. Проблема онтологической категории причины и следствия // Закон. Необходимость. Вероятность: сб. ст. – М.: Наука, 1967. – С. 289-311.
- Худяков С. С. Взаимосвязь философии и естествознания в становлении и развитии категории причинности // Категории диалектики и научное познание: сб. ст. – Уфа: БГУ, 1985. – 201 с.
- Жанпейісов Е. Қызметтік грамматиканың бастау ұғымдары // ҚР БЖҒМ мен ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. – 2003. – №1. – 41-50 бб.
- Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
- Төлеуп М. М. «Қазіргі қазақ тіліндегі себеп-салдарлықтың функционалды аспектісі»: ф.ғ.к. дис. авторефераты. – Алматы, 2002 б.
- Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы: ЖШС «Ануар-KZ», 2010. – 720 б.
- Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. Жауапты редактор; М. Малбақов. 1-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 808 б.
- Қазақ тілінің функционалды грамматикасының өзекті мәселелері: ғылыми жинақ / ғыл. ред. Д.А. Әлкебаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 137 б.
- Жолшаева М. Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн Фил. Ғыл.док... дис..автореф. – Алматы, 2009. – 50 б.
- Рысалды Қ. Категориялық жағдаят – функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының бірі // ҚР БЖҒМ ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, №2. – Алматы, 2009. – 28-32 бб.
- Мұратбеков С. «Жусан иісі». – Алматы: Жазушы, 2015. – 268 б.

Алтаева А. К. Шартты рай формасының қатысуымен жасалған тұлғалар, олардың синтаксистік және коммуникативтік потенциалы: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.02.02 мамандығы бойынша / Алтаева, Алмагүл Кәрісбекқызы. – Алматы : [Б.ж.], 2010. – 47 б.

Бекмаганбетова Г. Ш. Қазақ тіліндегі шарт қатынасындағы құрмаластық құрылымдардың функционалдық-семантикалық табиғаты: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.02.02 мамандығы бойынша / Бекмаганбетова, Гүлмира Шанжархановна. – Алматы : [Б.ж.], 2010. – 30 б.

Есенжанов Х «Ақ Жайық». Трилогия. – Алматы: Жазушы, 1988. – 368 б.

Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер (Құраст: Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З.) – Алматы: Жазушы, 1989.-448б.

Жұмабаев М. «Ақан сері сөздері». Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер (Құраст: Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З.) – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

Абай Құнанбайұлы «Мектеп» баспасы» ЖАК, Алматы қаласы. 2003, – 241б.

## References

Altaeva, A. K. (2010) Sharttysy rayy formy katysuymen zhalalar tulhalar, olardyyn syntaxik zhane communicativy potentialy [Subjects formed with the participation of the conditional mood, their syntactic and communicative potential]: philology zhylymdarny doktor zhylym derezhiny alu uyshyn dlyshyn autorefery disserty. autorefery. 10.02.02 mamandygany boyynsha / Altaeva, Almagul Karisbekkyzy. – Almaty : [B.zh.], 2010. – 47 p. (in Kazakh)

Baklagova Yu. V. (2008). K voprosu o kauzal'nosti kauzativnosti v sisteme yazyka [To the question of the causality of causation in the language system]. – Baklagova Yu. V. // Bulletin of ASU. – Issue No. 10. – Adygea, 2008. – S. 22-25. St. (in Russian)

Bekmaganbetova, G. Sh. (2010) Qazaq tilindegi kart katinasyndagy kurilmidy kurilmidy funkcionalik-semantikalyk tabigaaty [The functional-semantic nature of relational structures in the Kazakh language.]: fliology rylymdaryny khantylym direzin alu ushin diygany direziti. autoreferati. 10.02.02 mamandygany boyynsha / Bekmaganbetova, Gulmira Shanzharhanovna. – Almaty : [B.zh.] – 30 p. (in Kazakh)

Bondarko A.V. (2002) Teoria znacheniya v sisteme funktsionalnoi grammatiki [The theory of meaning in the system of functional grammar]. / Bondarko A.V. – Moscow: – 736 p (in Russian)

Filosofskaya insiklopediya v 5-h tomah (1960) [Philosophical Encyclopedia in 5 volumes ]. –Moscow:Pod redaksiyei F.V. Konstantinovi.- 206 p. (in Russian)

Yesenchanov. H. (1988) Ak Zhaiyk [White plain]. Trilogy / Yesenchanov. H. – Almaty: Zhazushi, – 368p. (in Kazakh)

Kazakova E.P. (2007) Sinonimiy v smyslovykh otnosheniyah obuslovlennosti: na materiale russkogo i chuvashskogo yazykov [Synonymy in the semantic relations of conditionality: on the material of the Russian and Chuvash languages]. Dissertation abstract c.ph.s. / Kazakova E.P.– Cheboksary: – 20 p. (in Russian)

Khudyakov S. S. (1985) Vzaimosvyaz' filosofii i estestvoznaniya v stanovlenii i razvitiia kategorii prichinnosti / Kategorii dialektiki i nauchnoe poznanie [The relationship of philosophy and natural science in the formation and development of the category of causality / Categories of dialectics and scientific knowledge.]/ Khudyakov S. S. Sat. Art. – BSU. – Ufa: – 110-126 p. (in Russian)

Kraevsky V. T (1967). Problema ontologicheskoy kategorii prichiny i sledstviya // Zakon. Neobhodimost'. Veroyatnost': [ The problem of the ontological category of cause and effect // Law. Necessity. Probability.]/ sb. st. – Moscow, Nauka. – 289-311 p. (in Russian)

Filosofiya yazyka [ Philosophy of language ]/ edited by J.R. Searle / translated from English – Moscow :Editorial URSS. (in Russian) Muratbekov S. (2015) Zhusan Iisi [Smell of wormwood]. – Zhazushy, Almaty. – 268 p. (in Kazakh)

Muratbekov S. «Zhusan Iisi». – Almaty: Zhazushy, 2015. – 268 b. (in Kazakh)

Orazov M. (1991) Qazaq tilinin semantikasi [Semantics of the Kazakh language]/ Orazov M. – Almaty: Rauan. – 216 p. (in Kazakh)

Pugachev E.F. [1996]. Evolyuciya sistemy sredstv vyrazheniya kauzal'nykh otnoshenij v yazyke anglijskoj nauchnoj prozy XVIII– XX vv [The evolution of the system of means of expressing causal relations in the language of English scientific prose of the 18th–20th centuries]/.Dissertation: abstract., c.ph.s. /Pugachev. E.F. – M.oscow. – 17 p.

Qazaq tilinin funktsionaldy grammatikasy (2010) [Functional grammar of the Kazakh language]. -Almaty: ZhSHS «Anuar-KZ». – 720 p. (in Kazakh)

Qazaq tilinin funktsionaldy grammatikasy (2011) [Functional grammar of the Kazakh language]. Responsible editor; M. Malbakov. 1-book. – Almaty: Daik-Press. – 808 p. (in Kazakh)

16 Qazaq tilinin funktsionaldy grammatikasynyn ozekti maseleleri (2013) [ Actual problems of the functional grammar of the Kazakh language ]. scientific collection / sc. ed. D.A. Alkebaeva. – Almaty: Kazakh University. – 137 p. (in Kazakh)

Rev. Mimure Gunananda Thero(2006). Sposoby vyrazheniya prichinnosti v russkom i singal'skom yazykah [Ways of expressing causality in Russian and Sinhalese languages]: Dissertion abstract.c.ph.s. / Rev. Mimure Gunananda Thero. – Moscow: – 17 p. (in Russian)

Rysaldy Q. (2009) Kategorialyq zhagdaiat – funksionaldy grammatikanyyn negizgi ugymdarynyyn biri [Categorical situation is one of the basic concepts of functional grammar ]/ Rysaldy Q. QR BzhGM men UGA Habarlary. Til, adebiet seriasy. №2.- Almaty -28-32 p. (in Kazakh)

Toleup M.M. (2002) Qazirgi qazaq tilindegi sebep-saldarlyqtyn funktsionaldyq aspektisi [Functional aspects of cause and effect in the modern Kazakh language.]/ Toleup M.M. dissertation abstract, c.ph.s.,Almaty. – 28-32 p. (in Kazakh)

Wright G.Kh. (1986) Logical and philosophical research: Selected works / transl. from English./ Wright G.Kh. – M.: Progress. – 600 p. (in English)

Zhanpeisov E. (2003) Qyzmettik grammatikanyn bastau ugymdary [ Basic concepts of functional grammar ] // QR BzhGM men UGA Habarlary. Philologia seriasy. №1.- 40-51 p. (in Kazakh)

Zholshaeva M. (2009) Qazaq tilindegi aspektualdy semantika: forma zhane masmun [Aspectual semantics in the Kazakh language: form and content] dissertation abstract.,c.ph.s., – Almaty. – 50 p. (in Kazakh)

Zhumabaev M. ( 1989) Shygarmalary: Olender, poetalar, qara sozder ( Abdullin, Kh., Darimbetov. B., Zhumabaeva.Z.)[ Akan sery's words. Zhumabaev M. His works: Poems, poems, black words (Compilation: Abdullin, Kh., Darimbetov. B., Zhumabaeva.Z.)] – Almaty: Zhazushi. – 448p . (in Kazakh)

Zhumabaev M. (1989) "Akan seri sozderi". Zhumabaev M. Shygarmalary: Olender, poetalar, qara sozder (Q: Abdullin, Kh., Darimbetov. B., Zhumabaeva. Z.) [Aqan sery's words. Abdullin, Kh., Darimbetov. B., Zhumabaeva. Z.]/- Zhumabaev. – Almaty: Zhazushi. – 448p. (in Kazakh)

Zolotova G.A. (1990) Ocherki funktsionalnogo sintaksisa russkogo iazika [Essays on the functional syntax of the Russian language]. / Zolotova G.A. – Moscow: Nauka 160 p. (in Russian)

Kunanbayuly A.(2003)[ Kunanbayuly A.]. /- Almaty :School publishing house 241 p. (in Kazakh)